

№3 Педагогикалық кеңес

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3-отырысының хаттамасы

20.05.2026ж

Өткізілген орны: Акт залы

Қатысқандар: ППҚ құрамы, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы №2 ППҚ отырысында қабылданған шешімдердің орындалуын талдау;
2. ЕББҚ балалардың даму динамикасын қарастыру;
3. Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін бағалау;
4. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар нәтижесі;
5. Алдағы кезеңге ұсыныстар мен жоспарлар;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Бердаулетова Г.К сөз алды. Бірінші жартыжылдық бойынша тәрбиеленушілердің даму динамикасына мониторинг жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары сабақтарға қатысты, бақылау хаттамалары (2а, 2б), толтырылып, зерделенді. Оқу жылының басында және екінші жартыжылдықтан соң толтырылған бақылау хаттамаларын салыстырып, балаларда анағұрлым динамика байқалатынын атап көрсетті.

Аталған мәселе бойынша балабақшаның педагог психологі

Маратова А, Оралтаева К, Ермеков Н, Нұржанқызы А, Қабдуллаев Е, Талғатқызы А, Қасымқан Б, Марат Ә тәрбиеленушілердің жеке түзету-дамыту бағдарламалары бойынша даму динамикасын қарастырды.

2025-2026 оқу жылында жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігінің, сөйлеу тілінің және әлеуметтік дағдыларының қалыптасуында бастапқы деңгеймен салыстырғанда оң өзгерістер байқалды. Әсіресе жеке түзету-дамыту бағдарламалары негізінде жұмыс жүргізілген балаларда зейіннің тұрақтануы, тапсырмаларды түсінуі және орындау қарқынының артуы тіркелді.

Педагог-психолог Далабай А.Б тарапынан жүргізілген жұмыстар барысында балалардың эмоционалдық жағдайына ерекше назар аударылып, мазасыздық деңгейін төмендету, өз-өзіне сенімділігін арттыру бағытында түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, топтық және жеке жұмыстарда ойын технологиялары, нейрожаттығулар тиімді қолданылды.

Сонымен қатар, дефектолог маман Кәдірбек Ж.С тарапынан жүргізілген түзету-дамыту жұмыстары барысында тәрбиеленушілердің сенсорлық дамуы, ұсақ және ірі моторикасы, қабылдау процестері (көру, есту, тактильдік), сондай-ақ сөйлеу тілінің қалыптасуы бойынша жүйелі жұмыстар атқарылды. Жеке және топтық сабақтарда арнайы дидактикалық материалдар, нейрожаттығулар, артикуляциялық жаттығулар және логопедиялық ойындар кеңінен қолданылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде балалардың дыбыстарды ажырату қабілеті, сөздік қорының кеңеюі, қарапайым сөйлем құрастыру дағдыларының қалыптасуы байқалды. Сонымен қатар, тапсырмаларды өз бетінше орындауға талпынысы артып, оқу әрекетіне қызығушылығы жоғарылағаны анықталды.

Дефектолог маман әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар беріп, түзету жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында жүйелі мониторинг жүргізді. Түзету сабақтарында ойын технологиялары, сенсорлық интеграция элементтері, қол моторикасын дамытуға бағытталған жаттығулар, сондай-ақ когнитивтік процестерді дамытуға арналған тапсырмалар тиімді қолданылды.

Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, үй жағдайында жүргізілетін жаттығулар бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді. Бұл өз кезегінде балалардың дамуындағы оң динамиканы нығайтуға ықпал етті.

Жалпы, дефектолог маманның жүйелі және мақсатты жұмыстарының нәтижесінде тәрбиеленушілердің дамуында тұрақты оң өзгерістер байқалды.

Ұсыныстар:

1. Дефектолог сенсорлық және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындарды көбейту;
2. Педагог-психолог Эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру жаттығуларын енгізу;
3. Тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жеке тәсілді күшейту;
4. Ата-аналар үйде жүйелі түрде ұсынылған жаттығуларды орындау.

Шешім:

1. Түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру;
2. Әр балаға жеке бағдарлама бойынша жұмыстар күшейтілсін;
3. Ата-аналарға кеңес беру жұмыстарын жалғастыру және практикалық ұсыныстар беру.
4. Мамандар арасында өзара байланыс пен ақпарат алмасу тұрақты жүргізілсін.